

У.Д.К.



ПРЕЗИДЕНТСКИЙ ЦЕНТР КУЛЬТУРЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН



ВЫСТАВКА

**ЕРБОЛАТА
ТОЛЕПБАЯ**

ЖИВОПИСЬ

ҚАЗАҚ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕГІ ҚҰБЫЛЫС.

Ұшқан құстың қанаты талатын ұланғайыр даламызда өнердің небір ғажайып үлгілері болған. Есік, Берел, Шілікті қорғандарынан табылған Сақ мұралары бүкіл адамзатты таң қалдыруда. Ахмет Ясауи, Айша бибі, Жошы хан мавзолейлері мен Маңғыстаудағы тұнып тұрған құлпытастар да ғажайып өнер туындылары. Қазақтың ою-өрнектерінің өзі біз әлі де бағалап болмаған асылдарымыз.

Қазақтың бейнелеу өнері бертінгі заманда да айтарлықтай дамып келеді. XX ғасыр халқымыздың маңдайына Ә.Қастеев секілді қайталанбас қылқалам шеберін берді. Бүтіндей бір ұрпақ Ә.Қастеевке еліктеп, қолына қылқалам ұстады.

Әлем мойындаған шеберлер қазақта қазірде аз емес. Даңқы алысқа кеткен сондай өнер иесі Ерболат Төлепбай. Ол - әлемдік деңгейдегі Рембрандт, Эль-Греко, Веласкес, Сезан секілді ерекше дарын иесі. Оны Сальвадор Далидың Қазақстандағы ізбасары деп те атайды. Сальвадор Далидың жүз жылдығына орай Парижде өткен көрмелердің бірінде, Президенттік сарай маңындағы галереяда ұлы сюрреалист Дали туындыларының экспозициялары қазақ суретшісі Төлепбайдың туындыларымен қатар қойылады. Сонда талғампаз Париж жұртшылығы Қазақ суретшісінің картиналарынан шығысқа тән жылылық пен нәзік иірім көріп, таңдай қағысқан екен.

Ерболат Төлепбай еңбектерінің дені ұлттық дәстүр мен бағы замандардан бергі халқымыздың дүниетанымы негізінде салынған. Оның туындылары бүгінде әлемнің 38 елінде, атап айтқанда Италия, Германия, Франция, Қытай, Египет, Үндістан, Ресей секілді елдердің көрмелерінде қойылып, көрермендердің жоғары бағасын алуда. Суретшінің картиналары Қазақстан, ТМД елдеріндегі, Еуропадағы, Америка мен Азиядағы жеке коллекцияларда да сақтаулы.

Е.Төлепбай – Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың иегері; Ресей, Чехия, Қырғызстан суретшілер академиясының академигі. Сальвадор Дали атындағы Франция орденінің кавалері және көптеген халықаралық сыйлықтардың лауреаты. Өнердегі айрықша жетістіктері үшін Брюссельде өнердің «Europolis» жоғары наградасымен, Прагада Масарык атындағы медальмен, Каирде, Мадридте арнайы сыйлық, наградалармен марапатталған. 1999 жылы Ресейдің Третьяков Мемлекеттік галереясында көрмесін жасаған алғашқы қазақ суретшісі.

Ерболаттың өз елінде көрме өткізбегеніне де 15 жылдан астам уақыт өтіпті. Осы олқылықтың орынын толтыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенттік мәдениет орталығы Халықаралық музей күні қарсаңында дарынды суретшінің шығармаларының жинағын шығарып, жеке көрмесін өткізіп отыр.

Өнердің қай саласында да аса дарындылар, құбылыстар болады. Қазіргі бейнелеу өнеріндегі аты әлемге жеткен құбылыс – Ерболат Төлепбай. Әдетте дарындыларды бір-бірімен салыстырып жатады. Меніңше оларды салыстыруға болмайды. Өйткені, олардың да әрқайсысы өнердің жарық жұлдыздары. Ерболатты Пикассомен де, Сальвадор Далимен де салыстырмаған жөн. Себебі, Ерболат шығармашылығы ешкімге ұқсамайтын, әлі де қазақ танып болмаған, тылсымы бірте-бірте ашыла беретін, заманында халқының, өнердің мерейіне айналатын айрықша құбылыс.



Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,
ҚР Президенттік мәдениет орталығының
директоры, ҚР Төтенше және өкілетті елшісі,
академик, филология ғылымдарының
докторы, профессор